

Абай /Ибраһим/ Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуын атап өтуге байланысты мерейтойлық күміс ақша шығару туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 27 шілде 1994 жылғы N 834

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Абай /Ибраһим/ Құнанбаевтың туғанына 150 жыл толуын атап өтуге байланысты Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің 1994 жылы мерейтойлық күміс ақша жиынтығын әзірлеп және оны Ұлттық банктің теңге сарайында соғу туралы ұсынысы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне әлемдік рынокта

қымбат металдан жасалған бақыр ақшаны сатуда Қазақстан Республикасының мүддесін көздейтін шетелдік фирманы тендерлік негізде анықтау ұсынылсын.

3. Әрбір бақыр ақша мен оның жиынтығының нақты құнын Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі анықтайды деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі